Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 10 тамыз № 4712-23-00-2/2069 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Маңғыстау облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Алдан» басшысы Алдан Ердәулет Болатұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
Өсімпұлды өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Маңғыстау облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жауапкер жеке кәсіпкер «Алдан» басшысы Алдан Ердәулет Болатұлын мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану, өсімпұлды өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Алдан» басшысы Алдан Ердәулет Болатұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Алдан» басшысы Алдан Ердәулет Болатұлыннан Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Маңғыстау облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның пайдасына 3120 (үш мың бір жүз жиырма) теңге өсімпұл, 94 (тоқсан төрт) теңге төлеген мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Алдан» басшысы Алдан Ердәулет Болатұлыннан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Көшірмесі дұрыс

Судья А.О.Аташева

Анықтама Шешім заңды күшіне 15.09.2023 жылы енді

Судья А.О.Аташева

Пронумеровано и прошнуровано на ____
(_____) листах.
Судья _____ Аташева А.О.